

Сауданбекова Ш.Т.
**Жапон елінің дәстүрлі
мәдениет ерекшеліктері**

Бұл мақалада өз ұлтының салт-дәстүрін сақтауда алдына жан салмай ұлттық мәдени құндылықтары мен ежелгі ата-баба дәстүрлерін ескіртпей сақтап келе жатқан Жапон елінің мәдениет ерекшеліктерінің бірқатар тұстары қарастырылған.

Түйін сөздер: Жапония, мәдениет, дәстүр, мәдени құндылықтар.

Saudanbekova Sh.T.
**Feature of Japanese
traditional culture**

In this article we'll give some information about Japanese cultural and traditional values. In order to save national, cultural values and identities of every nation we need to understand that every person should protect and try to save cultural, traditional, spiritual values, keep traditions of their ancestor.

Key words: Japan, culture, traditions, cultural values.

Сауданбекова Ш.Т.
**Особенности традиционной
культуры Японии**

Рассмотрение культурного контекста в формировании эстетических представлений помогает более адекватно и глубоко понять специфику традиционной японской культуры. В данной статье рассматриваются некоторые особенные черты традиционной японской культуры.

Ключевые слова: Япония, культура, традиции, культурные ценности.

ЖАПОН ЕЛІНІҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әрбір ұлттың, халықтың ұлттық мәдени құндылықтары мен ерекшеліктерін сақтау үшін әрбір адамның түйсігінде, алдында тұрған басты міндет – рухани құндылықтар, мәдени байлықтар мен ата-баба дәстүрін ұстану және сақтау болып табылады. Осы арқылы ғана әр халықтың ұлттық дүниетанымын, салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұрпақтан ұрпаққа бұлжытпай жеткізе аламыз.

Ата-баба дәстүрін қандай заманда өмір сүрсе де, бұлжытпай сақтауға тырысатын ұлттың бірі – жапон халқы. Ғылымы мен техникасы қарыштап дамып, кез келгеннің миы жетпес ғажауып технологияларды өндіріске енгізіп, соның арқасында экономикасы өзге мемлекеттерден озық тұрған Жапон елінің өз ұлтының салт-дәстүрін сақтауда алдына жан салмай ұлттық мәдени құндылықтары мен ежелгі ата-баба дәстүрлерін ескіртпей сақтау қатынасы таңданарлық.

Жапония мәдениеті мен салтында табиғат ерекше орын алады. Табиғатқа табыну ертеректе барлық халыққа тән құбылыс болса, жапондықтар үшін ол ұлттық дін – «құдай жолы» синтонының арқасында бекіп, одан әрі дами бастады. Өйткені бұл дін түрлі табиғат құбылыстарына табынуға бағытталған.

Жапондықтардың әрбір жыл мезгіліне байланысты белгілі әдет-ғұрпы мен салты бар. Ерекше танымал түрлеріне әйгілі сакура ағашы гүлдеген кезде жасалынатын «Ханами» – сакура гүлінің әдемілігін тамашалау, айдың толған кезінде жасалынатын дәстүр «цукими» айдың толу әдемілігін тамашалау, қар қалың жауатын аймақтарға барып «кжими» – қардың жауу әдемілігін тамашалау сияқты дәстүрлері қалыптасқан. Осы табиғатқа қатысты дәстүрлерді біріктіріп жалпы атпен «сэкутэка» (қардың, айдың, гүлдердің әдемілігін тамашалау) деп атайды. Көптеген табиғат құбылыстарының әдемілігін тамашалау арқылы табиғаттың әдемілігі мен ерекше құбылыстарының ерекшеліктерін өздерінің ұлттық дүниетанымына сіңіріп, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келеді. Жапонияда әрбір айды белгілі бір өсімдіктің атауымен атап, өсімдік күнтізбесін құрған: олар – қаңтар – қарағай, ақпан – қараөрік, наурыз – шабдалы, алмұрт, сәуір – сакура (жапон шиесі), мамыр – азалія, пион, маусым – жылан – қияқ (ирис), шілде – шырмауық, тамыз – лотос, қыркүйек – күздің жеті шөбі, қараша – үйеңкі, желтоқсан

– камелия. Осылайша әр айда аталған жемістер мен өсімдіктерге деген құрмет пен баптауды күшейтуге тырысқан.

Жапондардың табиғатқа қатысты құрметінің тағы бір ерекшелігі бұл халықтың тұрмыстық салтында бақтың орны ерекше. Жапон бақ өнері – қайталанбас құбылыс, ол мұқият жинақталған философиялық-эстетикалық құндылықтардың жиынтық көрінісі. Алғаш рет «нива» (бақ – бақша) сөзі біздің заманымыздың 720 жылдарынды кездеседі. Ол «құдайға табынуға арналған бос кеңістік» деген мағынаны білдіреді. Жапон бақтарындағы басты элементтер су мен тас болып табылады. Су әйел күшінің белгісі – инь, ал тастар еркек күшінің белгісі – янь. Олардың мәңгілік өзара қарсылығы мен айырылмас біртұтастығы ежелгі дуалистік түсінік бойынша әлемнің өмір сүруінің негізі болып табылады. Жапон бағы – басқа нағыз өмірге ашылатын ерекше терезе іспетті, онда адам баласы табиғаттың таусылмас әдемілігімен, тылсым күдіретімен таныса алады. Жер үйде тұратын жапондықтардың баққа аса көңіл бөлуінің тағы бір себебі үйлеріне келген қонақтар сырттағы бақты тамашалау арқылы үйге кірмей тұрып көңіл күйлері көтеріледі, сондай-ақ үй иелерінің табиғатқа деген құрметін байқап оларға деген сыйластығы арта түседі деген түсінік қалыптасқан.

Жапондардағы Шай рәсімі (тя-но-ю) бүкіл әлем жұртшылығын таң қалдырады. Басында қытайлардан алынған бұл дәстүрді жапондар арнайы салтқа айналдырған. Шай рәсімі эстетикалық салт болып табылады. Шайды дәріптеуді жапондықтар қытайдан қабылдап алған. Жапонияға шай он үшінші ғасырда келген. Алғашқы шай плантацияларын Киотодағы Хэйдзан қасиетті тауы етегінде 802 жылы Сайсе монахы өсірген болатын. Бірақ та Жапонияда шайдың таралуы тек он екінші ғасырда ғана кең етек алды. Шай рәсімінің төрт негізгі принципі: үйлесімділік – «ва», ерекше құрмет – «кэй», тазалық – «сэй» және тыныштық, дамыл – «сэки» ұғымдарын алғаш рет Сюко Мурата он бесінші ғасырдың соңында қалыптастырған. Ұлы шеберлер көмегімен жасалған шай рәсімі өзінің эстетикалық және философиялық мәні арқылы осындай әдемілікке табынуға қарсылық көрсететін күштерді жеңу мақсатын көздейді

Жапондардың ас үстінде неліктен шалпылдайтыны, әйелдерге есік ашып, алдымен өткізіп жібермейтіні шетелдіктерге әлі күнге жұмбақ. Бұл – жұмбағы мол Жапония. Фудзи тауы мен сушидің, құлтемірлер мен дәстүр-ғұ-

рыптың елінде қиын әрі күрмеуі мол мәдениет сақталған.

Жапон этикасымен жақынырақ таныса отырсақ: таяқшаны қалай дұрыс ұстау керек, әңгімелесушімен қалай дұрыс сәлемдесу қажет, қоғамдық транспортта өзінді қалай ұстаған дұрыс. Жапон этикасы – қиын әрі күрделі «ғылым», оның түп тамыры Конфуциандықта, Синтоизмда, жапон қоғамының бүгінгі иерархиялық қатал жүйесінде жатыр.

Нихонго но кэйсэ – адам мен зат атауларына жалғанатын жұрнақ, әңгіме кезінде адамның мамандығы мен тегіне, есіміне қосыла айтылады. Әңгімелесушінің қаншалық туыс екендігін және әлеуметтік байланыс маңыздылығын көрсетуге дәлел.

Бұл елде жұрнақсыз тілдесу дәрежелікке жатады. Тек мектеп оқушылары арасында, студенттер мен жақын достардың ортасында, сонымен бірге, үлкеннің балаға қарата айтқан сөзінде бұл жұрнақтар көрініс таппайды.

нихонго но кэйсэ жұрнағының бастылары: сан – «мырза» – әлеуметтік мәртебесі тең адамдар арасында, кіші мен үлкеннің әңгімесінде, ет-жақын туыс емес жандардың сұхбаттасуында жалғанады. Ұстамдылықты көрсетеді.

Кун жұрнағы – әріптестер мен достар арасында, үлкеннің кішіге қарата айтылған сөзіне жалғанады. Тянь жұрнағы – әлеуметтік мәртебесі мен жас мөлшері бірдей жандардың жақын арақатынасында және де балаларға қарата сөйлеуде қолданылады. Сама – сый-құрметтің шарықтау шегінде, көбіне ресми хаттарда жалғанады. Сэмпай – кішінің үлкенге қарата сөйлеуінде қолданылады (ұстаз – оқушы, тәжірибелі маман жұмысшы – тәжірибесі жеткіліксіз маман); Кохай – сэмпай жұрнағына қарсы мәнде;

Сэнсэй – ғалымға, дәрігерге, жазушыға, саясаткерге, жалпы алғанда, қоғамдағы сыйлы жандарға қарата қолданылады. Сәлемдесу – жапон мәдениетінің айнасы іспетті. Көбіне иілумен көрініс тауып жатады. Тағзым (ojigi) – жапон мәдениетінің алынбас бір бөлшегі. Ең бастысы, дұрыс тағзым – тәрбиеліліктің көрінісі. Тағзымның үш түрі бар: Eshaku – білінер-білінбес әрі қысқа тағзым. Күнделікті тұрмыста жиі қолданыста. Әріптестермен сәлемдесуде, әлеуметтік мәртебесі жоғары жандармен амандасқанда, не болмаса «рақмет» орнына да қолданыла береді. Keirei – ұзаққа созылатын тағзым. Сыйлы әріптестер мен кәсіпкерліктегі серіктестердің ортасында орындалады. Sai-Keirei – тағзымның ең қадірлісі шексіз сый-құрметті білдіруге, маңызды жандармен амандасуда

қолданылады. Дұрыс тағзым ету үшін, мына шарттар орындалуы тиіс: Токтап, қарсы алдына тұрып, қолды санға қою немесе қолды кеудеге жинап тағзым ету керек.

Жапонияда аса қиын сәттерде болмаса әдетте көмек сұрай бермейді.

Сондықтан, қол ұшын беруден бас тарту – бұл елде дәрежелік емес, керісінше, сый-құрметтің белгісі саналады. Әлгі жан бірнеше мәрте көмектесуге дайын екендігін білдірсе ғана, қолдауды қабыл алуға болады екен. Жапондарда қарсылысының көзіне тік қарап сөйлеу әдепсіздіктің белгісі, әңгіме үстінде олар бір-бірінің көзіне мүлдем қарамайды десе де болады. Мұның түп негізі ерте уақыттардан қалыптасқан: сол уақыттарда әлеуметтік мәртебесі жоғары тұрған жанның көзіне тіке қарауға болмайтын болған. Бір сөзбен айтқанда, естіп білмеген көргенсіздік саналып келуде. Сәлемдесу, алғыс айту, кешірім сұрау, құрметтеу – осының бәрін жапондар тағзым арқылы жеткізіп жатады.

Азияда, соның ішінде Жапонияда аяқ киімді шешіп жүру міндетті саналады.

Үйге аяқ киіммен кіру – жапон этикасының өрескел бұзылуы. Жапондар тәжірибесіз туристерге көп нәрсені кешіруі мүмкін, бірақ, мұны қалыс қалдырмайды. “Күн шығыс елінің” кейбір өңірлерінде, провинцияларында аяқ киімді жұмысқа барғанда да шешіп тұрады. Демек, жапон үйінің табалдырығынан аттамас бұрын, аяқ киімді шешіп енген дұрыс. Кейде олар мейманға үй аяқ киімін ұсынып жатады. Бұл тұста тағы бір тосын жайт күтіп тұруы мүмкін – әрқашан өз шұлығыңызды таза ұстап жүріңіз. Тосын тағы бір жайт. Жапон үйлерінде ванна мен дәретханаларға кірер ауызда арнайы аяқ киімдер тұрады. «Тұра берсін», – деп ойлаған мейман

шұлықпен кіріп жатса, өзін үлкен ұятқа қалдыруы әбден мүмкін. Әжет бөлмесіне кірерде міндетті түрде арнайы аяқ киімді киген дұрыс.

Жапонияда ұлттық колөнердің сан түрі, қыш құмыра, керамика жасау, ағашқа ою-өрнек салу, бамбуктен себет тоқу, зергерлік пен сәулет өнері дамыған. Жапония еденге жастықша төсеп, аласа жозыда тамақтанады. Көшеде, жұмыста еуропалықтарша киініп, демалыста, үйде, қонақта ұлттық киімдерін – кимоно киеді. Ерлер мен әйелдердің кимоносы бір-бірінен пішіміне, бояуына, жеңінің ұзындығына қарай ерекшеленеді. Кимононың сыртынан әйелдер жалпақ белбеу, ерлер еңсіз белбеу буынады. Дәстүрлі кәсіптері күріш өсіру. Оған қосымша суармалы егін, шай, көкөніс, жеміс-жидек, цитрус жемісін егеді. Жібек құртын өсіру, әсіресе, балық аулау кәсібі дамыған. Жапониялықтардың басым көпшілігі қалалы жерлерде тұрып, өндіріс орындарында, халыққа қызмет көрсету саласында еңбек етеді. Жапония қарқанды қалап тұрғызып бір-екі қабатты үйлерде тұрады. Үйдің ішкі жағы рама мен картон қағаздан тығыздап, қабаттап құрастырылған жылжымалы қабырғамен бөлінеді. Ал үйдің биік шатыры қалақ таспен жабылады.

Көнеден жеткен ұлттық салт-дәстүрін, тарихи ескерткіштері мен өнерін, ұлттық мейрамын, сан алуан отбасылық жоралғы ғұрпын, сыпайы мінез-құлық пен мәдениеттілікке баулитын халықтық педагогикасын, классикасын, поэзиясын, сонымен қатар кескіндеме мен сәулет өнерін сақтаған.

Отбасылық дәстүрге берік жапондар үлкендерді сыйлау, кішіге ізет жасау салтын әлі күнге дейін сақтаған. Жапондықтардың салт-дәстүрін зерттеу, бұл халықтың қазіргідей табыстарға жетуінің мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Молодяков Историческая память японцев // Ежегодник «Япония». – 2008. – № 37. – С. 285-301.
- 2 Мещеряков А.Н. Некоторые главные особенности японской цивилизационно-культурной модели // Известия Восточного института ДВГУ. – 2005. – № 9. – С. 225-242.
- 3 Арин О.А. Азиатско-Тихоокеанский регион: мифы, иллюзии и реальность. – М., 1997.
- 4 Дэлэ Н. Япония вечная. – М.: Астрель-АСТ, 2002.
- 5 Игнатович А.Н. Буддизм в Японии. (Очерк ранней истории). – М., 1988.
- 6 Из истории общественной мысли Японии XVII-XIX вв. – М., 1990.
- 7 Reshauer E. The Japanese today: Change and continuity. – Tokyo: Bungey Shunju, 1977/1990.
- 8 Дои Т. Амаэ дзакко (Суть амаэ). – Токио: Кобундо, 1975.
- 9 Лафкадио Хэрн Мир по-японски. – СПб., 2000. – С. 55-63.
- 10 История Японии: В 2 томах. – М., РАН, 1998 (1999).
- 11 Кадзи С., Хама Н., Райе Д. Эти странные японцы. – М., 2000.
- 12 Кожевников В.В. Очерки по истории Японии. XII-XVI вв. //ДВГУ. – 1999.
- 13 Конрад Н.И. Избранные труды. История. – М., 1974.
- 14 Конрад Н.И. Очерк истории культуры средневековой Японии. – М.: Искусство, 1980.

- 15 Кузнецов, Навлицкая, Сырицын. История Японии. – М., 1988.
- 16 Мазуров И.В. Япония в период перехода к капитализму. – Хабаровск: ДВАГС, 2001.

References

- 1 Molodjakov Istoricheskaja pamjat' japoncev // Ezhegodnik «Japonija». – 2008. – № 37. – S. 285-301.
- 2 Meshherjakov A.N. Nekotorye glavnye osobennosti japonskoj civilizacionno-kul'turnoj modeli // Izvestija Vostochnogo instituta DVGU. – 2005. – № 9. – S. 225-242.
- 3 Arin O.A. Aziatsko-Tihookeanskij region: mify, illjuzii i real'nost'. – М., 1997.
- 4 Djolje N. Japonija vechnaja. – М.: Astrel'-AST, 2002.
- 5 Ignatovich A.N. Buddizm v Japonii. (Oчерк rannej istorii). – М., 1988.
- 6 Iz istorii obshhestvennoj mysli Japonii XVII-XIX vv. – М., 1990.
- 7 Reshauer E. The Japanese today: Change and contnuty. – Tokyo: Bungey Shunju, 1977/1990.
- 8 Doi T. Amaje dzakko (Sut' amaje). – Tokio: Kobundo, 1975.
- 9 Lafkadio Hjern Mir po-japonski. – SPb., 2000. – S. 55-63.
- 10 Istorija Japonii: V 2 tomah. – М., RAN, 1998 (1999).
- 11 Kadzi S., Hama N., Raje D. Jeti strannye japoncy. – М., 2000.
- 12 Kozhevnikov V.V. Oчерki po istorii Japonii. XII-XVI vv. //DVGU. – 1999.
- 13 Konrad N.I. Izbrannye trudy. Istorija. – М., 1974.
- 14 Konrad N.I. Oчерk istorii kul'tury srednevekovoj Japonii. – М.: Iskusstvo, 1980.
- 15 Kuznecov, Navlickaja, Syricyn. Istorija Japonii. – М., 1988.
- 16 Mazurov I.V. Japonija v period perehoda k kapitalizmu. – Habarovsk: DVAGS, 2001.